ATR ATR ATR ҚМ-10-04 ATR ATR ATR



"Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге" деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазу.

Абай Құнанбаевтың "Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге" деген қанатты сөзі өте керемет айтылған. Бұл қанатты сөздің астында терең мағына жатыр. Абай атамыздың өзі аманаттағандай рухани азықтың бастау бұлағы болып табылатын кітаптың адам өміріндегі алар орны бөлек. Рухани жаңғыру үшін, өзгеру үшін, алға ұмтылу үшін білім керек. Ал білімнің көзі-кітап. Қазіргі заманда білімнің көзі кітапта екенін түсінетін адам жоқ. Тіпті кітап оқуға құштарлығы, сұранысы көп адамды кездестіру өте қиын. Ақпараттық технологияның қарқын алған заманында бар мәлімет ғаламторда екенін білеміз. Алайда бар байлық, білімнің қайнар көзі-кітапта екенін жастарға түсіндіру қиынға соғады. Кітаптың орнын ғаламтор ешқашан баса алмайды. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан тыйылар едік. Бүгінгі қоғамда жастардың кітап оқуға деген сұранысы бүгіндері азайып барады. Кітап оқу түгілі, кітаптың бетін ашпайтындар жетерлік. Бұл мүлдем дұрыс емес. Себебі: кітап оқымасақ, білімімізді арттырмасақ, өзімізді дамытпасақ надан боламыз. Ертеңгі ұрпақтың тағдыры-жастардың қолында. Егер жастарымыз сауатсыз, надан болса болашақ ұрпақ бізден қалай үлгі алады? Жастардың кітап оқуға деген сұранысының жоқтығына бірнеше себептер бар. Біріншіден жастардың ғаламторға байлануы себеп бола алады. Себебі: қазіргі заманның адамдары кітап оқуға ерініп телефоннан көз алмайды. Кейбір кітапханаға барсақ кітаптың сөрелері шаң басып тұрады. Бұған себеп адамдардың телефонға жіпсіз байланып, түрлі-түрлі смартфондарды қарауында болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ